

"Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін жеңілдіктер мен преференциялар алуға инвесторлардан түскен өтінімдерді қабылдаудың тәртібі туралы нұсқаулықты" және "Инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін жеңілдіктер мен преференциялар алуға арналған өтінімнің нысанын бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 21 наурыз N 2 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 394. Нұсқаулықтың күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 30 наурыздағы N 24-п бұйрығымен. ~V011485

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Z970075_ 1997

жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-тармағының 12-бабын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Беріліп отырған "Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін жеңілдіктер мен преференциялар алуға инвесторлардан түскен өтінімдерді қабылдаудың тәртібі туралы нұсқаулық" пен "инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін жеңілдіктер мен преференциялар алуға арналған өтінімнің" нысаны бекітілсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
1997 жылғы " " _____
N _____ қаулысымен
Бекітілген

Экономиканың басым секторларында инвестициялық
жобаны жүзеге асыру үшін жеңілдіктер мен
преференциялар алуға арналған
ӨТІНІМ

I. Инвестор туралы деректер

1. Инвестордың атауы (жеке немесе заңды тұлға немесе консорциум)

2. Құрылтай құжаттарының болуы:

а) Жарғы;

б) Сауда реестрінен алынған заңды көшірме немесе шетел мемлекетінің заңы бойынша инвестордың заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын басқа құжат, ал қазақстандық заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу мен статистикалық карточкасы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

в) Құрылтай шарты;

3. Почталық мекен-жайы _____

4. Банктік реквизиттері _____

5. Компанияның бірінші басшысының қысқаша резюмесі _____

телефон _____ факс _____ эл. почта _____

6. Жоба менеджерінің қысқаша резюмесі _____

телефон _____ факс _____ эл. почта _____

II. Инвестордың таңдап алған экономиканың басым секторы және жобаның қысқаша сипаттамасы (инвестициялардың жалпы көлемі мен жобаның өтелу мерзімін көрсете отырып)

III. Комитеттің талабына сәйкес орындалған және келісім-шарттың сараптамасы шеңберінде қаралатын жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі (бизнес-жоспар) _____

IV. Инвесторға қажетті жеңілдіктер мен преференциялардың, олардың мөлшерлері мен қолданылу мерзімдерінің тізбесі және негіздемесі

1. Қажетті мемлекеттік заттық гранттар:

Қолданылу мерзімі _____

2. Табыс салығы бойынша қажетті жеңілдіктер: _____

Қолданылу мерзімі _____

3. Жерге салынатын салық бойынша қажетті жеңілдіктер: _____

Қолданылу мерзімі _____

4. Мүлікке салынатын салық бойынша қажетті жеңілдіктер _____

Қолданылу мерзімі _____

5. Қажетті кедендік жеңілдіктер: _____

Қолданылу мерзімі _____

V. Инвестордың қаржылық мүмкіндіктерін растау

1. Соңғы үш жыл ішіндегі компанияның, инвестордың (аудиттелінген) қаржылық көрсеткіштері;

2. Қаржыландыру көздері;

VI. Инвестордың техникалық және ұйымдастырушылық мүмкіншіліктерін растау

1. Алдыңғы жобалардың тәжірибесі;

2. Ұқсастықтар;

3. Жаңалығы

VII. Жобаны жүзеге асырудың ұйымдастыру - құқықтық негіздері

VIII. Инвестордың инвестициялық жобаны толық және дер уақытында жүзеге асыруды қамтамасыз ету міндеттемесі

IX. Инвестордың Комитеттің инвестициялық өтінімді, сондай-ақ

келісім-шартты сараптау мен әзірлеуді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі шығындарын өтеуге әзірлігі туралы міндеттемесі

Өтінімдерді сараптауды, сондай-ақ келісім-шартты сараптауды және дайындауды ұйымдастыру мен жүргізу кезінде инвестор Комитетке барынша қолдау жасайды және жәрдемдеседі, барлық қажетті ақпаратты береді.

Өтінім жасаушы өтінімдегі, қызметкердің анкетасындағы және қосымшалардағы барлық ақпараттың дәлдігін және дұрыстығын мәлімдейді және кепілдік береді.

Инвестор _____
(қолы, мөр)

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
1997 жылғы " " _____
N _____ қаулысымен
Бекітілген

Экономиканың басым секторларында инвестициялық
жобаларды жүзеге асыру үшін жеңілдіктер мен
преференциялар алуға инвесторлардан түскен
өтінімдерді қабылдаудың тәртібі туралы
НҰСҚАУЛЫҚ

Осы нұсқаулық "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы"
Z970075_ Қазақстан Республикасы Заңының 1-тармағының 12-бабын орындау
үшін инвесторлардан түскен өтінімдерді қабылдаудың тәртібін айқындайды.

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші
субъектілерінің дербес тарататын және пайдаланатын және Қазақстан
Республикасының жеңілдіктері мен преференцияларын беруді талап етпейтін
инвестицияларға қолданылмайды.

1. Негізгі ұғымдар

Осы нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Комитет - Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік
комитеті;

инвестор - экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті
жүзеге асыру үшін жеңілдіктер мен преференциялар алғысы келетін жеке немесе
заңды тұлға немесе консорциум;

өтінім - экономиканың басым секторында инвестициялық жобаны жүзеге
асыру үшін жеңілдіктер мен преференциялар алуға арналған Комитет бекіткен
өтінім нысанында көрсетілген құжаттардан тұратын пакет.

2. Өтінімдерді қабылдау

Инвестор белгіленген нысандағы өтінімді Комитеттің әкімшілік, тіркеу және
бақылау Дирекциясына ұсынады.

Егер Комитет аталған өтінімдегі немесе оған қоса берілген құжаттардағы
қандай да болмасын фактілердің, мәліметтердің дұрыстығына күмән келтірмесе,
ол осы фактілерге немесе құжаттарға сараптама жүргізуге құқылы.

Барлық санамалап көрсетілген құжаттар болған кезде өтінімге тіркеу

жүргізіледі.

3. Өтінімді қарау

Комитеттің әкімшілік, тіркеу және бақылау Дирекциясы қабылдау күнінен бастап 30 күннен аспайтын мерзімде өтінімге оның тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкестігіне сараптама ұйымдастырады және жүргізеді. Сараптама жүргізу үшін зерттеулер, жоспарлау және ақпарат Дирекциясы мен келіссөздер жүргізу және жобаларды бағалау Дирекциясы тартылады, сондай-ақ тиісті мемлекеттік және жергілікті атқарушы өкімет органдары, кеңесшілер, консультанттар тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңына сәйкестігіне арналған сараптаманың нәтижелері туралы Комитет инвесторға хабарлайды және оң шешім қабылданған кезде тараптар келісім-шартты сараптауға және әзірлеуге кіріседі.

Өтінімнің Қазақстан Республикасының заңына сәйкестігіне сараптама жүргізу барысында жарнама және үйлестіру Дирекциясы барлық келісуші және рұқсат етуші құжаттарды, лицензияларды, визалар мен инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін қажетті құқықтар мен өкілеттіктерді беретін басқа да құжаттарды алуға әзірлік жүргізеді.

4. Дауларды қарау

Инвестор инвестициялық өтінімнің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігіне арналған сараптаудың нәтижесімен келіспеген кезде Комитеттің әрекетіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.